

**Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация кешенінің
Ақпараттық-презентация орталығы туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 маусым N 1019.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.12. N 234 қаулысымен. ~P990234

Көлік, жол шаруашылығы және байланыс саласындағы
ақпараттық-консультативтік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан
Республикасы көлік-коммуникация кешеніне инвестициялар тартуды кеңейту
мен ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Алматы қаласында мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында
Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация кешенінің

Ақпараттық-презентация орталығын құру туралы ұсынысы қабылдансын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен.

P980651_

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігіне он
күн мерзімде мемлекеттік мекеме - Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация
кешенінің Ақпараттық-презентация орталығы туралы ережені бекіту және оны
құру жөніндегі басқа да ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік-коммуникация кешенінің
Ақпараттық-презентация орталығы Алматы қаласы Сейфуллин даңғылы
бойындағы 458-үйде орналастырылсын. Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникация кешенінің Ақпараттық-презентация орталығының қызметі үшін
қажетті мүлік беретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі